



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-37 факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

№
М.А.А. № 4 гс

**Тұрақты комиссияның
2018 жылғы 22 тамыздағы
қаулысы**

**«Отбасында және қоғамда мәдени және
гендерлік қатынастарды қалыптастыру
жөніндегі іс-шаралар өткізу жөніндегі
атқарушы органдардың жұмысы туралы»
мәслихаттың көпшілік тыңдаулары
ұсынымдарының орындалу барысы туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Отбасында және қоғамда мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар өткізу жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» мәслихаттың көпшілік тыңдаулары ұсынымдарының орындалу барысы туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалалық атқарушы органдар гендерлік саясатты іске асыру саласында мәслихаттың көпшілік тыңдауларының ұсынымдарын орындау жөнінде нақты іс-шаралар атқарып жатқандықтарын анықтады.

Отбасылық құндылықтарды насихаттау арқылы отбасы, адамгершілік, рухани институтты нығайту мақсатында әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссия жұмыс істейді, ол жерде тоқсан сайын тұрмыстық зорлық - зомбылыққа қарсылық, бала еңбегі, балалар мен жасөспірімдердің демалысын ұйымдастыру қимасында ҚР заңнама нормаларының сақталуы жөнінде мәселелер қарастырылады. ҚР-да отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыруды, ана мен бала және басқалардың денсаулығын қорғау мәселелерін ақпараттық сүйемелдеу үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізілді.

Соңғы жылдар бойы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың оң серпіні байқалады. Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шегінде гендерлік саясатты іске асыру саласындағы мәселелерді шешуге қатысуы белсендендірілуде. ҚР-да отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру мәселелері бойынша жұмысқа ҮЕҰ тарту дәстүр болуда.

Үкіметтік емес ұйымдармен отбасы мәртебесін нығайтуға, отбасылық тәрбие рөлін көтеруге бағытталған іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмыстарда, тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы күресу және алдын алу жөніндегі іс-шараларда өзара қатынас белсендендірілуде, БҰМ, ЮНИФЕМ және басқа да ұйымдармен тығыз байланыс орнатылды.

Гендерлік саясатты іске асыру жөнінде мүдделі қалалық органдардың әрекетін үйлестіру бойынша жұмыс белсендендірілуде. Осы мақсаттарда 2017 жылы Астана қаласында жұмыспен қамту, және әлеуметтік қорғау, білім беру, қоғамдық денсаулық және жастар саясаты салаларында 61 жоба жүзеге асырылды. Жергілікті бюджеттен осы мақсаттарға 500 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шегінде қалалық басқармалар азаматтық сектордың қатысуымен шамамен 580 іс-шара, жыныстық дербес құқықтылықтарға балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мамандардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын көтеруге бағытталған 2 жоба өткізілді, көпшілікке тарату үшін 5 мыңнан астам әдістемелік көрнекіліктер, брошюралар дайындалды. Денсаулық сақтау басқармасы 2017 жылы ВИЧ/ЖТҚС алдын алу мәселелерін шешуде 4 үкіметтік емес ұйымды тартты, оның ішінде екеуі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырады. Ішкі істер органдары үкіметтік емес ұйымдардың 20 өкілімен ынтымақтастықта болуда.

Неке мен отбасы институтын нығайтуға бағытталған 51 отбасының қатысуымен елордалық қалалық кезеңнің «Мерейлі отбасы» атты ұлттық конкурсы өткізілді. Халықаралық ынтымақтастық аясында БҰҰ Еркін ерік елшісі Мон Аль Мансур «Ютария» тігін фабрикасының кәсіпкер әйелдерімен кездесу өткізді. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ мен Әмірліктің Іскер әйелдері кеңесі арасында киім дизайны мен өнер саласында, аспаз өнері саласындағы кәсіби дағдыларды дамыуда және жетілдіруде дарынды жастарды қолдаудағы ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды.

БҰҰ Еркін ерік елшісі Мон Аль Мансур Қазақстанда және Бірлескен Араб Әмірліктерінде студенттерді тегін оқытуға грант белгіледі.

«Гендерлік саясатты іске асыруда мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекет етуі» атты халықаралық конференцияда «Мемлекет және ҮЕҰ – оңтайлы гендерлік саясат (синергия) негізі» тақырыбы бойынша Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы сөз сөйледі.

Сонымен бірге, тұрақты комиссия гендерлік саясат саласындағы атқарушы органдардың жұмысы әрі қарай жетілдіруді қажет ететіндігін айтты.

Әйелдерді экономикаға және қоғамдық өмірге көптеп тарту үшін Астана қаласының әйелдер көшбасшылығы мектебінің жұмысын ұйымдастыруға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бөлу қажет. Әйелдерді әрі қарай белсенді кәсіпкерлік қызметке тартуға бағытталған әйелдер көшбасшылығын дамыту жөніндегі арнайы бағдарламалар әзірлеу қажет.

Әлеуметтік белсенділігі төмен жастарды, әлеуметтік тәуекел тобындағы әйелдерді қайтадан оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ, бизнесті жүргізу негіздеріне әйелдерді міндетті түрде оқытуды енгізу есебінен курстар мен тренингтер тізбесін кеңейту қажет, олардың іс-қағаздарын жүргізу, компьютерлік сауаттылық, алғашқы бухгалтерлік құжаттармен және салықтық есептерді және басқаларды ресімдеумен жұмыс істеу дағдыларын білулері талап етіледі. Қайта оқыту бойынша ұсынылатын курстар тізімін еңбек нарығы ұсынатын біліктілік талаптар есебімен әзірлеу қажет.

Әлеуметтік осал жіктерден шыққан әйел кәсіпкерлер және олардың мүдделерін ұсынатын үкіметтік емес ұйымдар базасындағы халық топтары үшін жаңа ресурстық орталықтар құру және жұмыс істеп жатқандарын нығайту қажет.

Жас отбасыларды әлеуметтік – құқықтық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және осы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен ынтымақтастықты белсендендіру жөніндегі ұсыныстарға бастамашылық жасау қажет.

Халық арасында egov.kz порталы арқылы некені электронды тіркеу мәселесі бойынша сұрақтар туындауда.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **қаулы етті:**

1. «Отбасында және қоғамда мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар өткізу жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» мәслихаттың көпшілік тыңдаулары ұсынымдарының орындалу барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. **Астана қаласының әкімдігіне** «Отбасында және қоғамда мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар өткізу жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» мәслихаттың көпшілік тыңдаулары ұсынымдарын толық көлемде іске асыру үшін:

- Астана қаласының әйелдер көшбасшылығы мектебін ұйымдастыруға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты бөлу және әйелдерді белсенді кәсіпкерлік қызметке әрі қарай тартуға бағытталған әйелдер көшбасшылығын дамыту жөніндегі арнайы бағдарламаларды әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;

- қалалық атқарушы органдардың жас отбасыларға балаларды жоспарлау және тәрбиелеу, ажырасудың алдын алу, отбасылары жоқ жалғызбасты адамдарға психологтарды, медицина қызметкерлерін, мұғалімдерді тартумен психологиялық және консультативтік көмек көрсету жөніндегі жұмыстарының кешенді жоспарын құру;

- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияға әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету және жас отбасыларға жеңілдікті тұрғын үйлер бөлу жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынысты бастамашылық ету ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Ішкі істер департаменті» ММ-не:

- отбасы мен баланың қолайсыз тәуекелшіліктерін ерте анықтау бойынша алдын алу жұмыстарының озат тәжірибесіне ішкі істер қызметкерлерін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруды қарастыру;

- мүдделі органдармен бірге балалар мен әйелдердің құқықтарын сақтау және зорлық – зомбылықты болдырмау мақсатында балалар үйлеріне, интернаттар мен өзге де мекемелерге тұрақты түрде баруды ұйымдастыру ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Қоғамдық даму істері жөніндегі басқарма» ММ не «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ бірге:

- отбасы мен қоғамда отбасылық құндылықтарды және гендерлік теңдікті жылжыту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында мәдени және гендерлік қатынастарды қалыптастыру бойынша отбасылық – бағдарлық ақпараттық материалдар үлесін жариялауды ұлғайту;

- жоғары оқу орындарының түлектерінің жұмысқа орналасуларына көмек көрсету бойынша жұмысты жетілдіру ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не:

- жалпы адами құндылықтар мәселелері, оның ішінде «Өзін-өзі тану» адамгершілік – рухани қалыптасудың оқыту бағдарламалары бойынша отбасылық және гендерлік саясат бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- оқыту – тәрбиелеу үрдістері шегінде отбасылық құндылықтар, тұрмыстық зорлық – зомбылық мәселелері бойынша күзиретті әлеуметтік қызметкерлерді, ішкі істер қызметкерлерін, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін тартумен сынып сағаттарын өткізу ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ - не:

- Астана қаласының Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметіне халықтың өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға басты назар аударып отыра гендерлік тәсілді енгізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. «Астана қаласының Мәдениет және спорт басқармасы» ММ-не:

- халықтың әр түрлі санатын, оның ішінде тәуекел тобындағы балаларды, жасөспірімдерді және жастарды спорттық секцияларға, көпшіліктің қолы жетімді спорт түрлеріне тартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

8. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссия 2018 жылдың 10 қыркүйегіне дейін:

- Астана қаласында гендерлік саясатты іске асыруға бөлінген бюджеттік қаражаттың салыстырмалы талдауын;

- жергілікті атқарушы органдардың басшы лауазымындағы әйелдер туралы;

- Астана қаласында гендерлік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті қаржылық қамтамасыз ету туралы;